**М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясында өткен мектепішілік қамқоршылық кеңесі жиналысының № 3 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 15 наурыз 2024 жыл

**Күн тәртібінде:**

- ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1005 қаулысына сәйкес Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін ұйымдастыру.
- Облыс, қала, мектеп көлемінде өтетін іс-шараларға қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы.
- Мектепішілік Наурыз мерекесін ұйымдастыру
- Көктемгі каникул кезіндегі сақтық ережелері

**Кеңеске қатысқандар:**

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Прмаханова Тұрсұлу Аязбаевна | Кеңес төрайымы |
| 2. | Тлеуова Асемгуль Тагибергеновна | Кеңес мүшесі |
| 3. | Искарина Жаңылдық | Кеңес мүшесі |
| 4. | Дияров Мейірхан | Кеңес мүшесі |
| 5. | Ахметов Марат | Кеңес мүшесі |
| 6. | Мұхамедиярова Алия | Кеңес мүшесі |
| 7. | Қуанышева Роза Қуанышқызы | Кеңес мүшесі |
| 8. | Дубаев Тлеужан Ахметкереевич | Кеңес мүшесі |
| 9. | Жубатова Жанар Суеубаева | Кеңес мүшесі |
| 10. | Әділханова Гүлдана | Кеңес мүшесі |
| 11. | Имашева Жанат Купбергеновна | Кеңес мүшесі |
| 12. | Бухарбаева Ақмарал | Кеңес мүшесі |
| 13. | Оңғарбаева Лайла | Кеңес мүшесі |
| 14. | Шакимова Роза Мураткалиевна | Кеңес мүшесі |
| 15 | Жолаева Жанна Темірболатовна | Кеңес мүшесі |
| 16. | Келимбердиев Мирсаит Келимбердиевич | Кеңес мүшесі |
| 17. | Муканов Жасулан | Кеңес мүшесі |

***М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия директоры Джамбулова А.С*** – мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шыққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай немесе материалдық күйінде ЖББ қорынан қаржылай бөлініп отырады. Алдағы уақытта да ЖББ қорынан бөлінген жағдайда, жеңілдік санатындағы ата-аналардың құжаттары заңға сәйкес болуы қажет. Осы тақырып бойынша толық ақпарат беруді ЖББ ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Жадрасыноваға тапсырамын.

***Директордың ЖББ ісі жөніндегі орынбасары Жадрасынова А.Б:***

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады.

**2-тарау. Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібі**

2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бағытталатын қаражат көлемі кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, мемлекеттік білім беру мекемелері арасында осы Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген санаттарға жатқызылған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің контингентіне барабар бөлінеді.

3. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет түріндегі материалдық көмек осы Қағидалардың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген білім алушылар мен тәрбиеленушілерге беріледі. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет шеңберінде ұсынылатын материалдық көмектің түрлері мен көлемдері заңнамада айқындалады.

Кепілдендірілген әлеуметтік пакеттен тыс қаржылай және материалдық көмек:

1) киім, аяқ киім, мектеп-жазу құралдарын сатып алуды;

2) оқу орны бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруды;

3) қаржылай көмек көрсетуді;

4) оқушылардың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын көздейді.

Қаржылай көмек көрсетуге арналған қаражатты жұмсау осы Қағидалардың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін жүзеге асырылады.

Оқитын жерінде бір рет тамақтандыруды ұйымдастыру қаражатты жұмсаудың басым бағыты болып табылады.

Киім, аяқ киім, мектеп-жазу құралдарын сатып алу 1 (бір) білім алушыға немесе тәрбиеленушіге есептегенде жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Жергілікті өкілді органдар жеңілдікпен жол жүруді ұйымдастыру, сондай-ақ қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерге жолдамалар беру үшін жергілікті бюджеттерде косымша қаражат көздеуге құқылы.

Қала сыртындағы және мектеп жанындағы демалыс лагерьлеріне жолдама алу, сондай-ақ білім алушылардың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуы осы

Қағидалардың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген білім алушылар мен тәрбиеленушілерге де қолданылады.

4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не кәмелеттік жасқа жеткен білім алушының өтініші негізінде бөлінеді.

Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың не кәмелеттік жасқа жеткен білім алушының өтініші осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірінші басшының атына білім беру ұйымына беріледі.

Өтінішті алқалы орган өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қарайды.

Ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың не кәмелеттік жасқа толған білім алушының өтінішіне мынадай растау құжаттары қоса беріледі:

1) осы Қағидалардың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама;

2) осы Қағидалардың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін алынған табысы туралы алынған мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысын, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен түсетін табыс, балаларға және асырауындағы өзге де адамдарға алименттер түріндегі табыс);

3) осы Қағидалардың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген санаттағы адамдар үшін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыда тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді бекіту туралы уәкілетті органның шешімі;

4) осы Қағидалардың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген санаттарды отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру негізінде алқалы орган айқындайды. Көрсетілген санаттарға қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдау үшін қажет болған жағдайда алқалы орган қажетті құжаттарды сұратады.

Жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардың жан басына шаққандағы орташа табысы қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат тағайындауға (өтініш берген айды қоса алғанда) өтініш берген сәтке дейінгі табыс сомасын жыл басынан айлар санына және отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

Отбасы құрамындағы орташа жан басына шаққандағы табысты есептеу кезінде ата-аналар (асырап алушылар) және олардың асырауындағы жасы 18-ге толмаған балалар ескеріледі.

5. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражаттың жұмсалуы білім беру ұйымында құрылған алқалы басқару органдарымен келісу бойынша қабылданатын білім беру ұйымының бірінші басшысының шешімімен бекітіледі.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге материалдық көмек көрсетуді білім беру ұйымдары, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған өнім берушілер қатарынан көрсетілетін қызметті жеткізушілерді материалдық көмек алушылардың дербес таңдауын көздейтін электрондық жеткізгіштер мен бағдарламалық, техникалық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырады.

6. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражаттың нысаналы жұмсалуын білім беру ұйымдарының бірінші басшылары қамтамасыз етеді.

7. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражаттың түсімдерін және пайдаланылуын есепке алуды білім беру ұйымының немесе органның қаржы қызметі жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары жыл сайын 20 қыркүйекке және 20 қаңтарға дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органға жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша есептілікті еркін нысанда ұсынады.

**2-мәселе бойынша** Барышева Л Ж Мектепішілік Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін ұйымдастыру бойынша класс жетекшілердің ата-аналарының сұрауымен түскен өтініші бойынша ортаға салды.

**Прмаханова Тұрсұлу Аязбаевна** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы.
-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" мақаласында «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», - деген болатын. Биыл ұлыстың ұлы күні түрлі іс-шаралармен айшықталуда. Осы орайда гимназия да ұлттық мерекенің маңыздылығын балаларға,өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатын көздеді.
М.Құрманғалиева атындағы 32 гимназияға наурыз мерекесіне ата-аналардың ұсынысымен театры шақырсақ қалай болар екен?

**Қуанышева Роза Қуанышқызы-қамқоршылық кеңес мүшесі:**
Наурыз мерекесін көңілді, керемет етіп күту әр адамның арманы.Ата-ана үшін баласының жақсы ниетпен қарсы алуы.Соған орай класс жетекшілерге ата-аналар тарапынан биылғы Наурыз,қазақтың жаңа жылдық кешін күтуге мектептегі оқушы немесе ұстаздардың құралған қойылымнан гөрі профессионалды театр адамдарының қойғанын өтініш ретінде жолдауы өте ақыл болған екен.
-Заманына қарай бәрі дамыған,баламыздың да одан да әдемі затты көргенін қалаймыз деген ұсыныстарына менде қосылам.

**Барышева Л Ж** -Мектеп ол білім ордасы.Бізде (киім,запись,уақыт т.б) .Қазір 3-тоқсанның да аяғы.ТЖБ БЖБ кезі. Мінекей, ата-ананың өтініші,класс жетекшінің бізге жеткізуімен болған ұсынысты мен сіздерге жеткізіп отырмын.Өз ойларыңызбен талқыға салып сырттан профессионалды әртістерді шақырған дұрыс па,мектеп ұстаздары өткізген дұрыс па,ашып бір шешіміне тоқталып берсеңіздер.

**- Мұхамедиярова Алия -(қамқоршылық кеңес мүшесі)**-ата-аналардың тарапынан түскен бұл ұсыныс өте дұрыс деп ойлаймын. Әрине ,мерекелік шара өз маманымен өту керек деп ойлаймын.мұғалім-білім беруші маманы,оқушы-білім алушы.Мен де өз маманы қойғанына қарсы емеспін.

**Әділханова Гүлдана**-Наурыз мерекесін профессионалды әртістердің арнайы қойылымы бар,музыкасы, киімі,бір сөзбен толықтай арнайы дайындығы бар**.**Қай ата-анада баласының көзі әдемі затты көріп,көңілі толғанын қалайды.Ия,21-ғасыр баласы.Талабы көп.Расымен,неге мектеп мұғалімі мен оқушы да кешті қарап демалмасқа? Мен ұсыныс жасаған адамдармен толықтай келісемін.Тек ұсынысым-көп балалы,аз қамтылған отбасына – тегін кіргізілсе.

**Тлеуова Асемгуль Тагибергеновна**-Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері,Айжан Сматқызы.Біз,қамқоршылық мүшелері ойласа,екі жақты да таразыға сала отырып Жыл басы Наурыз мерекесін арнайы программасы бар,заман талабына сай,өз ісінің шеберлері театр әртістерінің кеш қойылымымен нәрлеп,сән беруіне қарсы еместігімізді,біраузыдан қолдайтындығымызды айтамыз.

**3-мәселе Дияров Мейірхан** -қамқоршылық кеңес мүшесі:

-Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері.Алдымызда бұйырса көктемгі каникул келе жатыр.Мен енді ер адам,әке ретінде ұсынысым-бұл өте қозғалмалы кезең.Өсіп келе жатырған көшеге шығуы,жүріс-тұрысы көбейеді.Сол себепті құқықбұзушылықтың алдын алу үшін мектеп инспекторынмен бірлесе отырып осы көктемгі демалысқа ескерту жұмыстары жүргізілсе екен.

**Қабылданған қаулы:**

1.Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан жеңілдік санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты алдағы уақытта тиісті құжаттары жинақталып, қадағалансын.

2.Наурыз мерекесін тойлау ата-аналардың сұранысымен және Қамқоршылық кеңес шешімімен - театр мамандарымен тойланып,мектеп қабырғасында өткізілсін.(аз қамтылғандар мен көп балалы отбасына – тегін)

3.1-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторымен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**1 Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:**

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Прмаханова Тұрсұлу Аязбаевна | Кеңес төрайымы |
| 2. | Тлеуова Асемгуль Тагибергеновна | Кеңес мүшесі |
| 3. | Искарина Жаңылдық | Кеңес мүшесі |
| 4. | Дияров Мейірхан | Кеңес мүшесі |
| 5. | Ахметов Марат | Кеңес мүшесі |
| 6. | Мұхамедиярова Алия | Кеңес мүшесі |
| 7. | Қуанышева Роза Қуанышқызы | Кеңес мүшесі |
| 8. | Дубаев Тлеужан Ахметкерeевич | Кеңес мүшесі |
| 9. | Жубатова Жанар Суеубаева | Кеңес мүшесі |
| 10. | Әділханова Гүлдана | Кеңес мүшесі |
| 11. | Имашева Жанат Купбергеновна | Кеңес мүшесі |
| 12. | Бухарбаева Ақмарал | Кеңес мүшесі |
| 13. | Оңғарбаева Лайла | Кеңес мүшесі |
| 14. | Шакимова Роза Мураткалиевна | Кеңес мүшесі |
| 15 | Жолаева Жанна Темірболатовна | Кеңес мүшесі |
| 16. | Келимбердиев Мирсаит Келимбердиевич | Кеңес мүшесі |
| 17. | Муканов Жасулан | Кеңес мүшесі |

М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия директоры: А.С.Джамбулова
Хатшы: Ж.Е. Каденова